

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ОҚЫТУ

Арыстанова Ш.С. ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассмотрены методы обучения на уроках музыки с использованием современных технологий.

Summary

This article discusses the methods of teaching music lessons using modern technologies.

«Инновация» деген ұғым латын тілінде жаңарту, жаңалық, өзгеріс енгізу деген түсінікті білдіреді. Оның мәні - білім беруге және өздігінен білім алуға негізделген қабілетті дамытады. Қазіргі таңда оқушы ақпаратпен қаруланған, жан-жақты дамыған тұлға. Оның білімдік қабілеттерін дамыту үшін біздер, мұғалімдер жан-жақты қаруланған болуымыз керек. Осы бағыттарда мектептерде музыкадан теориялық және тәжірибелік білім беру жүйесінен біраз тәжірибелер жинақталған, солай бола тұрса да, музыка сабағын жүйелі оқыту, әсіресе қазақ мектептерінде ұлттық бай музыкалық мұрамызды молынан пайдаланудың жолдары әлі де көрсетіле берсе артық етпейді. Басты міндет - оқыту мен тәрбиелеу.

Өз пікірінде көрнекті педагог В.Сухомлинский «Өнер - өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» деп тәрбие үрдісінде өнерге аса көңіл аудару қажеттілігін қысқа да түсінікті түрде атап көрсетті [1]. Сырлы да сазды әуендерді бүгінгі күн әуендерімен, классикалық музыкамен ұштастыра, шығармашылықпен тақырыпты аша түсіп, оқушыларды музыка әлеміне қызықтыра білу музыка мұғалімінің өз ісінде шеберлігін талап етеді. Музыка әлеміне қызықтырып, оқушылардың рухани бейнесі, танымын қалыптастыра отырып, қоғамның саналы азаматы етіп шығару - ұстаздардың басты мақсаты.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етпей қойған жоқ. Оқытудың жаңа инновациялық әдістері мен пәнге байланысты жаңа технологияларды пайдалануға итермелейді.

Педагогика ғылымы мен практикасында уақыт талаптарына сәйкес сабақты өткізудің түрлі жолдары қарастырылып, оны жетілдіруде қыруар ізденістер жүзеге асырылды. Сабақта ұйымдастыруда оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру, ақыл-ойын дамыту, шығармашылықты өздік ізденіске баулу және т.б. проблемалар бойынша толассыз ғылыми ізденіс жұмыстары жан-жақты жүргізіліп келеді.

Музыка - педагогикалық инновация білім берудің негізгі мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталуы қажет. Мектептегі музыкалық инновациялық үрдісті басқару моделі жалпыға бірдей міндетті білім беру мақсаты, мазмұны және оқу-тәрбие үрдісіне ендірілетін жаңалықтар сипаттары арасындағы қисынды байланыстар есепке алынып құрылуы қажет.

Білім беру стандарттарын жүзеге асыру инновациялық үрдістің қажеттілігін келесі себептерден байқатады:

1.Сапа менеджмент жүйесі терең, тиянақты білім беруді талап етуіне қатысты озық технологияларды пайдаланып, оқытуда зерттеушілік, шығармашылық, музыка - педагогикалық қызмет сипатын қажет етеді.

2.Білім беру мақсатына қатысты жеке бағдарлы қазіргі заманғы музыка - педагогикалық қызметті ұйымдастыру, гуманистік тәсілдеме жасау білім беру үрдісіне қатысушылардың барлығының жалпы дамуын жүзеге асыруға инновациялық үрдістер себепкер болып, сапалы жаңа білімді калыптастыруға ықпал жасайды.

3.Музыка - педагогикалық шығармашылықтың, құрамды бөлігі есебінде жеке инновациялық қызмет музыкант-педагогтың кәсіби өсуі, тұрақты өзін-өзі жетілдіруі, озық тәжірибелерді зерделеп, игеруі бойынша шығармашылықпен өзінің жауапкершілік сезімін арттырады.

4.Білім берудің сапалануы, бәсекелестікке лайықты болуы, педагогикалық әлемде жаңа құндылықтарды қалыптастыру, қарым-қатынастың жаңа, жетілдірілген музыкалық мәдениетін көтеріп, қоғамдағы рөлін дамуын арттырады.

5.Инновациялық үрдістер білім беруді сапаландырудың тасымалдаушы инструкциясы есебінде музыка - педагогикалық саналылық пен белсенділікті қалыптастырып, кәсіби шеберлігін шығармашылықпен үйлестіру арқылы талаптар деңгейінде еңбек етуге жеткізеді [2].

Қазіргі кезеңде Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа талаптарға лайықты музыкалық білім беру жүйесі жүзеге асып келеді. Бұл үрдіс оқу-тәрбие үрдісінің музыка - педагогикалық теориясы мен іс-тәжірибесін мәнді өзгерістермен халықаралық білім беру деңгейіне жетуді көздейді, сапа менеджменті жүйесімен байқалады. Музыкалық білім беру жаңа тәсілдеме, педагогикадағы озық, жаңа технологияларды, жаңалықтарды зерделеп, жетілдіріп, түрлендіріп, дамытып жүзеге асырылуын, жауапкершілігін алға қояды. Музыкалық білім беру мазмұны өмірдің барлық салаларының дамуымен жаңа халықаралық деңгейге сай болу талаптарымен білім мазмұны сапасының артуы заңдылық, салыстырмалы түрде озық ойларды, технологияны зерделеп шығармашылықпен, тәжірибе негізінде музыка - педагогикалық инновациялық технологияның жетілуі жаңа белеске көтеріледі.

Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Музыка сабақтарында педагогикалық жүйеленген білім білікті, іскерлік дағдыларды бекітіп дамыту талаптары міндетті түрде оқытудың барысында жүзеге асырылып отырады. Музыкалық шағармалардың түрлеріне қарай, халық әндерін композиторлық әндерде ажыратуға, аспаптар дыбыстарын,

адам дауыстарының тембірін айыра білуге, түрлі жыршылар метептерін, термешілердің өзіндік әуендерін айыра білуге; опералық шығармалардағы ария, кіріспе, увертюра, қортынды, т.б айыра білуге; тағы сол сияқты көптеген сабақтары аралас сабақ түрінде өткізіледі, себебі бір сабақтың өзінде музыканың түрлері қамтылып, меңгерілуі; сонымен қатар, баяндау, түсіндіру т.б. әдістің түрлері қолданылады. Жаңа материалды оқу сабағының құрылымы - басқа пәндер сияқты музыка сабағында да ой өрісін, танымдылығын дамыту, ақыл ой белсендігін арттыру мақсаты көзделеді. Ол үшін әр түрлі нақты музыкалық шығармалардың формаларына байланысты жүйелік тірек схемаларды, анықтамаларды, көрнекіліктерді пайдалануға болады. Олардың есту қабілеттерін дамытатын музыкалық материалдарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты «жеңілден күрделіге қарай» принципіне сүйеніп, таңдап алып дамытады [3].

Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігі артқасын сабақта білім сапасының артатыны сөзсіз. Ұлы неміс педагогы А. Дейстербергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойға үйретеді» - деген [4]. Сондықтан да оқушы белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеретін, ойлауға үйрететін ол - жаңа инновациялық әдіс-тәсілдері болып табылады. Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасында бәсекелестіктің және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасайды. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ сапасын арттыруға ықпалы көп. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып ой толғау жасауға болады. Мысалы: музыка сабағында сабақты ойын түрінде ұйымдастыру керек осы арқылы оқушылардың биімділігін арттыруға болады.

Қорыта келгенде, жаңартылған білім беру мазмұнының тиімділігі оқытудың небір жаңа инновациялық әдіс-тәсілдері құндылыққа, тұлғаға, іс-әрекетке бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. - Алматы, 2007 - 64 б.
2. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. - Алматы, 2008 - 47 б.
3. Меңдаяқова М. Қарамолдаева Г. Музыка әдістемесі. - Алматы, 1983 - 78 б.
4. Оразалиева М.А. Музыка пәнінің сипаты, тәлім-тәрбие үрдісі.- Алматы, 2014.